

## Ацетиленді өндірудің өнеркәсіптік процестері

Ацетиленді өнеркәсіптік алу процесін іске асыру кезіндегі негізгі қиындық – жылудың айтарлықтай мөлшерін жылдам және біркелкі беру. Бұл ацетиленге қажетті конверсиялау дәрежесіне жету үшін жоғары температураларды қолдану керектігіне байланысты.

Қажетті жылуды жеткізу тәсілі бойынша метанды пиролиздеудің өнеркәсіптік процесінің келесі түрлері белгілі: пештердегі пиролиз (регенеративті пештермен қыздыру), электр доғасындағы пиролиз және автотермиялық пиролиз (жартылай жағу көмегімен қыздыру). Бұлардың ішіндегі біріншісі– пештерде метанды пиролиздеу қазіргі уақытта сирек қолданылады.